



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№31 (783) Сәрсенбі 3 тамыз 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



Мемлекеттік сапармен келеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен 13-15 қыркүйекте Рим Папасы Франциск Қазақстанға мемлекеттік сапармен келеді.

Рим Папасы сапар аясында еліміздің жоғары басшылығымен кездеседі, сондай-ақ Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне қатысады деп жоспарланған.

Жаңа механизм әзірлеп жатыр

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша салынатын әлеуметтік тұрғын үйлердің конкурстық процедураларына тәйяландырылмақ. ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Роман Скляр Мәжіліс депутаттарының сауалына берген жауабында осындай мәлімет келтірді.

«Мемлекет басшысы халықты қолжетімді баспанамен қамтып, әлеуметтік шиеленісті болдырмау үшін офтейк-келісім шарттар («кілтпен сатып алу») арқылы кредиттік баспана салып, оны мұқтаж азаматтарға 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының бағасымен сатып алу механизмін енгізуді тапсырған болатын. Аталған механизмді іске асыру үшін «Тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері жөніндегі заңнама актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасының аясында Үкіметтің қорытындысы әзірленіп жатыр. Ол қорытынды Бюджет кодексіне техникалық тұрғыда күрделі емес нысандар салуға қойылатын шектеулерді алып тастайтын түзетулер енгізуді көздейді. Бұл түзетулер «кілт мен берілетін» нысандарды бір ұйымның жобалап, салуына мүмкіндік беретін бір конкурстың аясында офтейк-келісім шарт жасауға мүмкіндік береді», – деп жазылған вице-премьердің жауабында.

Оның пайымынша, осының арқасында тұрғын үй салушылардың қолжетімді баспана жобаларын іске асыруға қызығушылығы артап, Конкурс жарияланған кезде техникалық ерекшеліктерімен бірге қажетті пәтерлердің өлшемдері мен саны көрсетіледі. Сондай-ақ, жер телімі мен жобалық-сметалық құжаттаманың, құрылыс-монтаж жұмыстарының құны бірге есептелген жалпы сомасы көрсетіледі. Сонымен бірге, құрылыстың сапасымен ашықтығын қамтамасыз ету үшін «Е-Құрылыс» жүйесі кезең-кезеңмен іске қосылады.

МАҢЫЗДЫ НЫСАНДАР ЖЕКЕШЕЛЕНДІРІЛМЕЙДІ

Үкімет басшысы Әлихан Смайловтың төрағалығымен Экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысы өтті. Жиынға бірқатар министрлер мен барлық өңірдің әкімдері қатысты. Жиында Жекешелендірудің 2025 жылға дейінгі кешенді жоспарын қайта қарау жөніндегі ұсыныстар қаралды.

Қызылорда облысы бойынша жекешелендірудің Кешенді жоспарына сәйкес бәсекелестік ортаға беруге жататын 13 нысан енгізілген, оның ішінде 9-ы коммуналдық меншік объектісі және 4-үі «Байқоңыр» ӘКК акционерлік қоғамының ұйымы. Өткен жылы сауда-саттыққа 9 объект көзделіп, 3 нысан сатылды. 6 нысан үш реттен тендерге шығарылып, өтінімдердің болмауына байланысты сауда-саттықтар өткізілімді деп танылған.

Облыс әкімі комиссия отырысынан кейін басқарма басшылары мен қала, аудан әкімдеріне бұл бағытта жұмыстарды айқындап, тиісті деңгейде үйлестіру қажет екенін ескертті. Сондай-ақ, маңызды нысандар



жекешелендірілмейтінін баса айтты. – «Қызылорда Су жүйесі», «Қызылорда жылуэлектрорталығы», «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» секілді маңызды нысандар жекешелендірілмейді. Бұл нысандар мемлекеттік меншікке болуы керек. Мәдени нысандар мен демалыс паркi де мемлекеттің

меншігінде болады. Сондықтан бұл бағытта халыққа кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет, – деді Н.Нәлібаев. Ақта кетейік, комиссия отырысының қорытындысымен Жекешелендірудің кешенді жоспарына ұсынылған түзетулер қаралып, аймақтағы 4 нысанды жекешелендіру тізбесінен алып тастау мақұлданды.

ЯДРОЛЫҚ ФИЗИКА МАМАНДАРЫН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗІНДЕ ДАЙЫНДАЙДЫ

«Мәскеу инженерлік физика институты» Ұлттық ядролық зерттеу университетінің Алматы қаласындағы филиалы бакалавриат пен магистратураға қабылдау нақанын бастады. Ресейдегі ең үздік Ұлттық зерттеу университеттерінің бірі Қазақстандағы филиалында «Қорғалған жоғары өнімді есептеу жүйелері» және «Элементар бөлшектер физикасы және ғарыш физикасы» оқу бағдарламалары бойынша сабақ береді. «МИФИ» филиалы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында орналасады және аталған оқу орнының мамандары құжаттарды қабылдайды. 2 тамызда Алматыда МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің іріктеу және пәндік комиссиясының өкілдері келеді.

Бүгінде бакалавриат бойынша 62 және магистратурада оқуды жалғастыру

үшін 10 құжат тапсырылды. Қабылдау емтихандарының бірінші толығын 3 (физика) және 5 тамызда (математика) өтеді. Екінші толықын сәйкесінше 25 және 27 тамызға жоспарланған.

Филиалдың ресми ашылуы қыркүйектің екінші жартысына, ал оқудың басталуы 2022 жылдың 1 қазанына жоспарланған.

«МИФИ» Ұлттық ядролық зерттеу университеті – беделді ғылыми мектептері бар әлемнің жетекші зерттеу университеттерінің бірі (әлемдегі Top-350). Мұнда Нобель сыйлығының 6 лауреаты жұмыс істеді. Бүгінде МИФИ-де 200-ден астам білім беру бағдарламасы жүзеге асырылып отыр.

– Ресей жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықтың негізгі бағыттары – ядролық энергетика, геология және мұнай-газ өнеркәсібі үшін кадрлар даярлау. Нәтижесінде,

еліміз тек жоғары білікті инженерлерді ғана емес, сонымен қатар ғылыми-зерттеу қызметіне дайын жас ғалымдарды да алады деп күтеміз, – дейді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

«МИФИ» Ұлттық ядролық зерттеу университетінде оқуының басты ерекшелігі – білім беру, ғылыми және инновациялық қызмет үздіксіз жүргізіледі. Студенттер төменгі курстан бастап ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатыса алады. 3-курсан оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу міндетті саналады.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев Парламент Мәжілісінің 2022 жылғы 11 қаңтардағы отырысында 2025 жылға дейін Қазақстанда беделді шетелдік университеттердің кемінде 5 филиалын ашуды тапсырған болатын.



ГАЗ БАҒАСЫ 21% ТӨМЕНДЕДІ

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитеті және оның аумақтық департаменттері табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтерін және қоғамдық маңызды бар нарықтардағы бағаларды мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады.

Бұдан бұрын, 2021 жылғы 30 маусымда ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті есептерді қарау нәтижесі бойынша, тауарлық газды газ таратушы құбырлар арқылы тасымалдау қызметіне 2021 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізілуімен 1000 м3 үшін ҚҚС-сыз 3 320,45 теңге мөлшерінде уақытша өтемдік тариф бекітіп болатын.

Алайда, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда филиалы ТМРК-ның Қызылорда облысы бойынша департаментінің әрекеттерімен келісіп, аталған бұйрықты заңсыз деп тану туралы сотқа шағым түсірді.

Барлық сот талқылауларының нәтижесінде, Қызылорда облысы бойынша ТМРКД бұйрығы заңды деп танылды.

Нәтижесінде, Қызылорда облысы тұтынушыларының құқықтарын қорғау мақсатында «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда филиалының сомасы 1,4 млрд. теңге негізсіз алынған кірісі тұтынушылардың барлық тоңғары үшін тарифті уақытша, оның ішінде, халық үшін тариф 1000 м3 үшін ҚҚС-сыз 16 492,52 теңгеден 13 043,49 теңгеге дейін 21% шамамен төмендеуімен 2022 жылғы 1 тамыздан бастап енгізумен бір жыл мерзімге төмендету арқылы қайтарылатын болады.

Комитет және оның аумақтық департаменттері тұрақты түрде тұтынушылар мүддесінің қорғалуын қамтамасыз ету және тұтынушылар мен субъектілер арасында мүдделер теңдігіне қол жеткізу бойынша жұмыстар жүргізіп отырады.

Қандай да бір сұрақтар туындаған жағдайда, тұтынушылар өздерінің құқықтарын қорғау үшін Комитетке және оның аумақтық департаменттеріне жүгіне алады.

1,2 МЛН. ТЕНГЕНІ ҚАРАЖАТЫ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Биыл облыста тұтынушылар құқығының бұзылу дерегі бойынша 159 өтініш түскен. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 32,5 пайызға өскен. Түскен арыздардың басым көпшілігі – бөлшек сауда саласына қатысты екені анықталды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Ерқасым Сүлейменов мәлімдеді.

«Бірінші жартыжылдықта келіп түскен арыздарға талдау жүргізілген болатын. Нәтижесінде бөлшек сауда саласына қатысты – 91 өтініш, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық қызметтері бойынша – 28, электрондық

сауда – 13, қоғамдық тамақтану бойынша – 5, қаржы қызметі бойынша – 3 және де басқа салалар. Аталған өтініштердің 108-і заңға сәйкес қаралып, тиісті шаралар қабылданды. Ал 28 өтініш басқа мемлекеттік органдарға жолданды. Жалпы жыл басынан бері тұтынушыларға барлығы – 1,2 млн. теңгенің қаржысы қайтарылды.

Сондай-ақ, тұтынушылардың құқығын қорғауға арналған кейбір заңнамалық актілерге, заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Әзірге бұл заң жобасы уәкілетті органмен қаралып, мүдделі мекемелер және үкіметтік емес ұйымдар арқылы талдануда», – деді департамент басшысы Ерқасым Сүлейменов.

ҚЫРҒЫЗСТАНДА ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ КҮНДЕРІ ӨТЕДІ

Бішкекте 5-6 тамызда қазақ киносының күндері өтеді. Аталған шараны еліміздің Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы және Қырғызстанның Мәдениет, ақпарат, спорт және жастар саясаты министрлігі кинематография департаменті ұйымдастырады.

Сонымен қатар оған Т.Океев атындағы «Қырғызфильм» ұлттық киностудиясы, Қырғызстанның Кинематографистер одағы мен Ш. Айтматов атындағы Кино үйі қолдау көрсетеді.

Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының бөлім басшысы Әсел Ырыстың айтуынша, киноорталық биыл қазақстандық кино күндерін 15 шет мемлекетке өткізуді ұсынып отыр.

«Бішкек – еліміздің кино күндері өтетін алғашқы қала. Осыған байланысты «Ала-Тоо» кинотеатрында Болат Қалымбетовтың «Мұқағали» және Айжан Қасымбектің «От» фильмдері ұсынылады. Әр картинаны оны түсірген команда таныстырады. Біздің негізгі мақсатымыз – іскерлік байланысты дамыту және отандық фильмдерді халықаралық деңгейге шығару. Сондай-ақ бірлескен жобаларды іске асыру үшін серіктестер мен инвесторларды тарту», – деп атап өтті Әсел Ырыс.

«Мұқағали» кинокартинасында көрнекті ақының өмірінің соңғы жылдары баяндалған. Фильм 25-ші Таллин кинофестивалінде тәуелсіз қазылар алқасының арнайы сыйлығын иеленген.

Ал, «От» фильмінің әлемдік премьерасы былтыр Пусандағы халықаралық кинофестивальде өтті. Сондай-ақ картина Германиядағы «Film Festival Cottbus» және Сингапурдағы «Singapore International Film Festival» кинофестивальдерінде ұсынылды. Туындыла басты рөлді сомдаған Төлепберген Байсақалов Сочи, Лос-Анжелес және Сингапур кинофестивальдерінде марапатқа ие болды.

Сонымен қатар «От» кинофильмі Минскте өткен «Лістапад» халықаралық кинофестивалінде «Үздік режиссерлік жұмыс» және «Үздік музыка» номинацияларында жүлде алды. Қырғыз Республикасындағы қазақстандық кино күндері аясында Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының тұсауескері өтеді. Іс-шараға қатысу тегін.



400 МЫҢ БАЛА БІРІНШІ СЫНЫПҚА БАРАДЫ

1-сыныпқа баратын балалардың құжаттарын қабылдау нақаны аяқталды. Ел бойынша 400 мың ата-анадан өтініш түскен.

Ведомствоның баспасөз қызметінен мәлім етілгендей, құжаттарды қабылдау толық 4 айға, яғни 1 сәуірден 1 тамызға дейін созылды. Осы уақыт ішінде қазақстандықтар шамамен 400 мың өтініш беріп үлгерді. Балалардың 70%-дан астамы мемлекеттік тілде оқуды таңдады. Өтініштерді қабылдау тәртібі автоматтандырылған және ата-аналар құжаттарды дәстүрлі форматта да, онлайн форматта да тапсыра алды. Өтініштердің 80%-ы электронды форматта берілді.

«Оқу жылының басталуына бір ай қалды. Енді мектептер оқу-тәрбие үрдісін сапалы дайындау мен ұйымдастыруға, сынып жиынытарын қалыптастыруға кіріседі. Жүргізілетін жұмыстар әлі жеткілікті және ол үшін мектептер тамыз айын тиімді пайдаланады. Бірінші сынып оқушыларының басым бөлігі Абай, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай және Қарағанды облыстарында, сондай-ақ Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында байқалады. Балаларды қазақ тілінде оқытатын сыныптарға қамтудың жоғары көрсеткіші Қызылорда (89,6%), Ұлытау (86,6%), Маңғыстау (86,2%), Жамбыл (80,4%) облыстарында байқалады», – дейді ҚР Оқу-ағарту министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім комитеті төрағасы Гүлмира Кәрімова.

ҚОРШАҒАН ОРТАМЫЗДЫҢ

Жасыратыны жоқ, біз экологиялық апатты аймақта өмір сүріп отырмыз. Байқоңырдан ұшқан зымыран, Аралдың табанындағы тұзды шаң Қызылорда өңіріне орасан зор экологиялық апат әкеліп жатқаны жасырын емес. Қаламыз болса сәт сайын жаңарып, жасарып келеді. Оған соңғы уақытта орын алып отырған әлеуметтік-экономикалық жағдайлар да өз ықпалын тигізіп жатыр. Қаланың орталық көшелерін аралап қарайтын болсақ, арықтар бар. Онда ағып жатқан су, бойын жағалай өсіп көгеріп тұрған тал да жоқ емес. Дегенмен қаланың шет аймақтарының көшелері арықсыз, сусыз, көксіз. Осындай жағдайды үнемі көріп, өңір экологиясын реттейтін тиісті мекеме осы күрделі мәселені кезең кезеңімен шешсе дейміз.

Рас, көктем айларында жаппай көгалдандыруға үлкен ұмтылыс басталады. Кейіннен бұл жұмыстар бәсеңсіп қалады. Одан кейін мүлдем саябырланып барып тоқтайды. Көшелерге су беріп, оны ұйымдастырып, қадағалап, әрбір учаскенің жағдайын жіті бақылап, қай көшеде неше тал өсіп тұрғанын санап, әрбір талдың күтімін жасап, көктем мен күзде қажет емес бұтақтарын қырқып дұрыс жұмыс жүргізу реттелсе, қала көркі рәсіммен де ажарланып, қоршаған ортамыздың да экологиялық ахуалы жақсара түсері еді.

Қызылорданың жазы аптапты ыстығымен белгілі. Тұрғындар жиі соғатын желдің әсерінен күрделі қиыншылық көретіні жасырын да емес. Ал шілденің көп күндерінде ауа ыстығы 35-37 градустан жоғары болады. Осы жағдай адам денсаулығына әсер етіп, оның қызмет атқару қабілетін күрт төмендетері белгілі. Жалпы кун ыстығы 32-35 градустан асқанда адам баласының жағдайы нашарлайды. Ендеше, шілде күндеріндегі 35-37 градустық аптапты 30-32 градусқа төмендету қажеттілігі туындайтыны сөзсіз. Ол үшін қаланың барлық көшелерінде аяқ су ағып жатуы керек. Онан кейін екі талдар мен көкөніс жайқалып өсіп тұрса, қала төңірегінде ауа ыстықтығы шілдеде 5-7 градуска дейін төмендеген болар еді. Бұл, сөз жоқ, қала тұрғындарының денсаулығына жасалған зор көмек болады.

Иә, экология дегеніміз ол біріншіден, тұрғылықты тұрып жатқан үйіміз. Яғни тұратын жеріміз. Екіншіден, ол ғылым, ұғым, немесе тәртіп дегенге саяды. Демек, экологияны үйді жақсы жағдайда ұстау тәртібі деуге болады. Онда сол ортақ үйіміз - қаламызды жақсы ұстауға барлығымыз жауапты болуымыз керек. Әрбір тұрғын өзіне қарасты үйінің ауласын, айналасын, қоршаған ортасын таза ұстаса, оны кем дегенде күніне бір ылғалдап қойса, шаң-тозаң да басылып, ауа да жақсара түседі. Сонымен қатар бос жатқан жерге тал, гүл өсіріп, баптаса сол маңайға әр мен сән беріп ғана қоймай, экологияның жақсаруына әсерін тигізіп, адамдарға да жақсы көңіл-күй сыйлайды.

Көңіл-күй демекші, адамның денсаулығының бастысы көңіл күйге де тікелей байланысты. Адам аурушаң болса күйгелек келеді. Ал аурушаңдық экологияның ластығынан пайда болады. Сондықтан да әрбір саналы адам ең алдымен денсаулықтың қадірін ұғып, жан-жағына бейтарап, немісқарайлы қарамай, үнемі тазалық сақтауы тиіс. Солай жасағанда ол тұрғын, ең алдымен, өз отбасы мүшелерін шаң-тозаңнан қорғап, экологияның жақсаруына септігін тигізіп, қоғамға зор үлесін қосады.

Дамыған елдерде көшеге бір артық коқыс тастауға дәтін бармайды. Себебі ондағы тәртіп сондай. Қылдай коқыс қолыңнан сусып кетсе болғаны, міндетті түрде саған ескерту жасалады. Міне, сондықтан да өркениетті елдердің тазалық сыры осында. Әрбір адам елге, өзі тұрған мекеніне деген перзенттік көзқарасында болуы керек дер едім. Біздегі жағдай байқасаңыз басқаша. Көпшікте отырғандар коқыстарын лақтыра салады, су ішкен бөтелкесін қай жерге болса сол жерге қойып кетеді, тіпті шылым қалдығын сөндіріп үлгерместен лақтырып тастай салады. Ал ең сорақысы түкірініп, қақырынып кетеді.

Бүгінгі күні бәрінің уақыты қауырт екені белгілі. Сондықтан екінің бірі көшеде тамақтануына тура келеді. Көбісі жолда ішіп-жеп жүре беретініне көзіміз үйренген. Мәселе көшеде тамақ жегеннің айбында емес, мәселе сол тамақ жеп келе жатқан адамның денсаулығында. Біріншіден, тамақ жеп келе жатқан адам әлгі түкірік-қақырыққа көзі түсіп кетіп, ұшынып қалып, денсаулығына зиян келтірсе, екінші жағы, сол ішкен-жегенінен қалған қалдықты коқыс жәшігіне дұрыс салып кетпейтіндігі.

Тағы бір мәселе қала ажарын келтіріп, әсемдік үшін жасалған шамдар мен субұрқақтарға дейін тиісіп, сындырып,

бүлдіріп кетіп жататындар бар. Қоршаған ортамыздың тоз-тозын шығаратын басқа біреу емес қой. Оны өзіміздің тұрғылықты тұрғындар екенін көріп қарның ашады. «Су ішетін құдығына түкірме» деген гой көнекөздеріміз. Осы бір-ақ ауыз сөзбен экологиялық ережені айтып кеткеніне тәңті де боласын. «Құдығына түкірме» дегені – үйінді таза ұста, аулаңды жинақы күт, көршіңе коқысыңды ысырма, балаларыңды, ұрпағыңды тазалыққа баулы, суды, топырақты ластап бүлдірме дегені гой.

Иә, біздің тегіміз, көргеніміз, біліміміз, мәдениетіміз ешкімнен төмен емес. Тек ортақ іске деген немісқарайлық кедергі болуда. Қала болашағына деген жанашырлық, жылы жүректік керек. Бірнәрсені бүлдірмес бұрын, бұл менің үйім, отаным деп ойлану керек. Осыны енді өсіп келе жатқан жастардың санасына құйып отыру ләзім.

Өзіміз өмір сүріп жатқан, ауасын жұтып отырған мекеннің экологиялық ахуалы тек өзіміз үшін керек. Сондықтан да әрбір адам өзінің іс әрекетін қадағалауы тиіс. Табиғатқа кесірін тигізбей тұрып, өлден жан-жақты ойланғаны жөн. Қаланың орталық көшелеріндегі тазалық жағы көңіл көншіткенімен, шаңды топырақ көтерілген уақытта шеттен ұшып келетін коқыстар лезде көшенің ажарын құртады. Қанша жерден айнадай жарқыратып қойған күннің өзінде табиғаттың тосын мінезіне қарсы тұра алмайсың. Сол себепті де жан-жақты



көгеріп, тал-ағаш егуді әдетке айналдыру керек. Тіпті сенбілік жұмыстарын тек сыпырып, коқыс жинап кетумен аяқтай салмай, үнемі көгалдандыру жұмыстарымен айналысып отыруды қолға алу керек.

–Әрбір адамның бойында патриоттық сезімі болуы керек. Яғни мен қайда тұрамын, қалай жүремін дегенді ойлануы тиіс. Туған жердің экологиясын жақсарту үшін күрес әрбір қала тұрғынының жүрегіңде болып, шаһар тазалығына деген ыстық, таза ниеті оянуы қажет. Ал қазіргі қала көшелерінің бүгінгідей лас, ұнамсыз күйде болуы қала тұрғындарының өзінен болып отырған жағдай. Құл-қоқысты қаламызға басқа өңірден ешкім әкеліп тастаған жоқ қой. Әрбір қала тұрғыны қала тазалығына деген шынайы жанашырлықпен, жауапкершілікпен қараса, үлкендер жағы отбасында, дастархан

басында балаларының санасына тазалық жайында құйып отыруы керек деп ойлаймын. Сонда ғана әрбір жас ұрпақ отансүйгіш азамат болып өседі.

Адам алдымен тұрған жерін, туған үйін, сол үйі орналасқан қаланы сыйлауы, жақсы көруі міндетті гой. Үйіміздің, туған жеріміздің, қаламыздың барған сайын жақсы бола беруін неге қаламаймыз, сол үшін қолымыздан келетін шаруаны бітіруге неге асықпаймыз? Осындай талпынысты жасап жатсақ ол нағыз отансүйгіштіктің түбірі мен дәлелі емес пе?! Көзіміз көріп жүргендей, әсіресе көпқабатты үйлердің коқыс тастайтын жерлері аузы мұрнынан шығып толып қалатын кездері болады. Кейбір тұрғындар коқыс пен керексіз дүние-мүліктерін де тастай береді. Екеуі екі нәрсе екенін ұққасы да келмейді. Дегенмен көзбен көріп, қолмен ұстап алмағандықтан ондай тұрғындарға жаза қолданылмайды да. Сондай «пысықай» тұрғындардың кесірін көршілері көріп, кей уақыттары жинастырып та жатады. Алайда адамның еңбегін адамның бағалауы тиіс дер едім. Ал жекелеген тұрғын үйлердің айналасына көзін тояды. Кейбір тұрғындар үйі айналасына гүл егіп, тал отырғызып, аяқсуы келмесе де ауызысынан ырымдап, бақшасын да жайқалтып жатады. Мұндайда сүйсінгенмен, аяқсудан мәселе болмаса дейміз. Айта берсек мәселе аз емес қой. Өзім қала тұрғыны ретінде көшшеде кетіп бара жатып, жолда жапқан коқыстарды намыстанбастан жерден көтеріп алып, тиісті коқыс жәшігіне салып жүремін. Тазалық ортақ қой. Сырттан келген коқыстар қалалық тұрғындардан үлгі алып кетсе деймін. Себебі сырт көз сынып болады. Сондықтан да мен ылғи белсенді азамат ретінде ылғи да көршілеріме, таныстарыма, отбасыма, балаларыма, немерелеріме тазалық – денсаулық кепілі екенін айтудан жалықпаймын,- дейді қала тұрғыны Бағым Мәдікқызы.

Халықтың сапалы тіршілігін қамтамасыз ету үшін оның жолдарын, құралдарын, әдістері мен шешімдерін экологиялық негізделген жағдаймен шешуді Урбоэкология (қала салудағы экология) саласы қарастырады. Қалалардағы адам мен табиғат үшін қолайлы ортаны сол жерде өмір сүретін тұрғындардың психологиялық, әлеуметтік жайлылығы, қаланың үйлесімді, орықты әлеуметтік және экономикалық дамуы қамтамасыз етеді. Қалалық орта сонда тұратын халық үшін жоғары дәрежеде және әрқалай әсер ететін табиғи, табиғи-антропогендік және әлеуметтік-экономикалық кешенді факторлар болып табылады. Адамның қаладағы өмірі - бұл пәтер ішіндегі ортаның, пәтерден тыс ортаның (өңдіріс орны, көше, транспорт және т.б.), мәдени ландшафттар ортасының (бақтар, саябақтар), табиғи ортаның, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-экономикалық орталардың жиынтығы. Жер бетіндегі адамдардың көпшілігі күнделікті өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға қолайлы қалада тұратыны мәлім. Алайда қалалар негізгі экологиялық мәселелердің де орталығы болып табылады. 2001 жылы тарихта алғаш рет қалалардағы тұратын халық саны планетадағы адамдардың 50%-нан асты. Болжамдар бойынша 2030 жылға қарай қалада тұратын адамдардың саны ауыл тұрғындарының санынан 2 еседей көп болады деп күтілуде. Соңғы ғасыр ішінде қалаларға байланысты ауқымды экологиялық қиыншылықтар байқала бастады, олар: көптеген қалалардағы ластанудың өсуі, ластағыштардың қоршаған орта мен адам организміне түсуі, қала аумақтары мен қала халқы санының өсуі, халықтың тығыз орналасуы, мегаполистердің халық саны ондаған миллионға жететін одан да ірі урбоаралдарға айналуы, табиғатты ығыстыру, табиғи ландшафттардың жасанды ландшафттарға ауысуы, адамның табиғатпен тікелей байланысының (көзбен, иіс сезу, түйсік, дыбыс арқылы) жоғала бастауы, табиғи сезім мүшелерінің жағымсыз жасандыға ауысуы және олардың қарқынды түрде өсуі, адамның табиғи биологиялық ырғағына әсер (түннің шектен тыс жарық болуы, шуыл, ұйықтау орнына түнде жұмыс істеу және т.б.).

Қазірдің өзінде бірқатар елдерде қалалар алып жатқан территориялардың үлесі көп. Мысалы, Бельгияда - 28%, Англияда - 12%, Данияда - 11% ел территориясы қалалардың үлесіне тиеді. Мұндай үлкен урбанизацияланған аумақтарда қалалар мен табиғат арасындағы экологиялық тепе-теңдікті сақтау мүмкін емес. Әлеуметтік-экономикалық дамуы нашар басқарылатын қалалардың қоршаған ортаға тигізетін жағымсыз әсерлері көбіне түсті. Урбанизация қазіргі кезде негізгі әлемдік тенденция болып отыр. 1900-2000 жылдар аралығында қала халқы шамамен 0,2-ден 2,9 млрд. адамға көбейді. Ал осы уақыт ішінде халық саны 1 миллионнан асып қалалар 17-ден 388-ге дейін көбейді. Қала - адамзаттың болашағы. Аристотель айтқандай - «Біз қалаларды тұрғызамыз, ал қалалар бізді қалыптастырады». Урбанизацияның экожүйелер үшін жағымсыз болуы міндетті түрде емес, ал оны экологияландыру жағымды құбылыс. Қала және қалалық орта сонда өмір сүретін халықтың қажеттіліктерін өтеуге, денсаулығына, өмір сапасына қатты әсер етеді. Сондықтан қазіргі таңда қалалық ортаны экологияландыру адамзат үшін өмірлік қажеттілік болып табылады.

АХУАЛЫ ҚАНДАЙ?



қарай пластикалық қоқыстардың (микро және нано өлшемді пластмассаларды қоса алғанда) жер бетіндегі көлемі екі есе артуы ықтимал.

Алайда COVID-19 пандемиясы кезеңінде бір реттік қолданылатын пластмассаны (оның ішінде медициналық бетперде мен қолғап сияқты жеке қорғаныс құралдары да бар) шамадан тыс пайдалану мен тұтынудың салдарынан жоғарыдағы болжам әлдеқайда күрделене түсуі мүмкін. Сондықтан қазіргі уақытта ғалымдар қысқамерзімді және ұзақмерзімді сценарийлерді ескере отырып, COVID-19-дың макропластикалық ластануға әсері, оның қоршаған орта мен адам денсаулығына тигізетін зияны туралы жан-жақты зерттеулер жасап, оның алдын алу мен салдарын жеңу стратегияларын қарастырады. Оны еңсеру кезеңінде әр мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына байланысты денсаулық сақтау мен экологиялық қауіпсіздік салаларындағы теңсіздік үлкен екені рас. Пластик қалдықтар мәселесі әдетте конференциялар мен халықаралық жиындардың тақырыбы ретінде қалып қойып, күнделікті өмірде қала көшелері мен аулаларында, балалар алаңында, саябақта, қала сыртындағы демалыс орындарында қоқыс болып, экология мен тазалыққа зиянын тигізіп жатыр. Біздің елімізде қоқыс өңдеу мәселесі өзекті. Қазақстанда жыл сайын 4,5 млн. тонна қатты тұрмыстық қалдық шығарылады. Бірақ оның аз бөлігі ғана өңделеді. Қазақстан Париж келісімі бойынша, 2030 жылға қарай парниктік газ шығарындарының 15%-ға, яғни 56 млн. тоннаға қысқарту міндетмесін қабылдады. 2019 жылы парниктік газ шығарындарының 1990 жылғы деңгейден 2,4%-ға төмендеуіне қол жеткізілген еді. Экология министрлігі барлық негізгі нысандар үшін парниктік газ шығарындарының азайту жөніндегі Жол картасын да әзірледі.

Еліміздегі ауа ластануының негізгі себептері қатарында көмірмен жағылатын жылу электр станциялары, одан кейін көлік, жеке сектор, өндірістік қалалардағы ауаға таралатын зиянды заттар. Елдегі қоршаған ортаның ластануына нақты қандай себеп бар екенін профессор-эколог Мұрат Нұрышев былайша баяндайды. «Қазақстанда газдандыру жұмысы өте баяу жүріп жатыр, сондықтан да бұл ауаның ластануына себеп болып отыр. Еуроодақ өздерінде газ болмаса да, 100% толықтай газдандырылған. Ал біз газдың үстінде отырып, көмір жағамыз. Жақын аралықта сол үшін санкциядан бірнеше есе қорлық көреміз. Сонымен қоса ауыл шаруашылығы мен экология саласында айтарлықтай маман жоқтығы да байқалып отыр. Бұл да өзекті мәселе» дейді.

«Экологияның ластануы туралы айтқанда жан-жақты ойлануымыз керек. Кешегі пандемияның кезінде қаншама бетперде мен бірреттік резенке қолғаптардың далада шашылып жатқанын көрдік. Тіпті расын айтқанда шашылып жатқан бетперделерден қарап қарап қорыққанымыз да рас. Ес білмейтін ойын балалары қолдарын ұстап ойнағанын да көрдік. Ауру жұқтырып алса ше деп, ауру келмей тұрып үркіп жүрдік. Шындығына келгенде ешкім сырттан келіп, қаламызды қоқыстап кетіп жатқан жоқ. Тұрғылықты тұрғындардың салақтығы экологиямызға зиянын тигізіп

отыр. Осы қаланың тұрғынымын-ау, өзіме зиян келтірмегенім сияқты өзгеге де зиянымды тигізбейін-ау деген ой жоқ секілді. Теледидардан көріп отыр ғой, тазалық жоқ жерде ауру тарала беретінін, сонда да болса, бетпердесін лақтырып жүре беретіндерге таным бар,-дейді зейнеткер Бағым Мәлікқызы.

Пластик қалдықтардың табиғи экожүйе мен адам денсаулығына көп зиян келтіретінін атап өткен жөн. Зерттеулерге назар аударсақ, 2030 жылға

т.б. қоқыс қалдығын лақтырғаныңыз үшін Австрияда – 90 евро, Қытайда – 50 юань, Австралияда – 7500 доллар, Швейцарияда – 300 швейцар франкі, Ирландияда – 5000 евро төлесеніз, АҚШ-тың кей штаттарында бір айға бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады», деп жазды өз мақаласында журналист Назым Самет.

«Тәрбие ошағы – отбасы» десек, ұл-қызын қасына ерткен әрбір ата-ана қоғамдық ортаны ластауға болмайтынын, әр ісі ұрпағына әбiрет екенін сана биігінде түйсінсе алғаны абзал. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру еңбектеген сәби шақтан ғұмырымыздың соңына дейін үзілссіз жетіліп отыруы тиіс. Үй күтімін талап ететін гүлдерді өсіру, бау-бақшаны арам шөптерден тазарту, жеміс-жидектерді күтіп, баптау, әрқайсысының жас ерекшеліктерін, атауынан, тіршілік ету көзінен хабарлар болу секілді еңбектің дағдыға айналуы экологиялық ілімі ілімді қалыптастырады. Отбасында осындай тәрбиемен суусындап өскен бала балабақшада да табиғатты аялауға, қорғауға тез икемденіп, тазалыққа үйірсе келеді.

Біріккен араб әмірліктерінің қалалары бүгін туризм, сауда, модемент орталықтары екені баршаға мәлім. Ойлап қарасақ, сол аймақтың табиғи жағдайы Қызылорда өңірінен ауыр болмаса жеңіл емес. Онда да ыстық аптап, онда да шөл, онда да қоршап тұрған құм-топырақ, Алайда осындағы халықтың ынта-жігері негізінде адам баласының өміріне өте қолайлы жағдай жасалған. Демек, барлық мәселе адамның қолында екені тағы да дәлелденіп отыр.

«Қаланың орталық көшелерінің топырағын тазалап жүретін жұмысшыларға кейде жаңың ашиды. Көшенің шаң-топырағы ешуақытта таусылмайды. Желді күндері топырақ желмен бірге борап, адамның үсті басына қонып, үйдің терезесінен кіріп әбiгерге салатыны тағы бар. Жанбырлы күндері батпақтап, көліктердің табанына жабысып, ол екі есе қиындық тудырады. Ал көлік иесі көбіне қала тазалығына жауапкершілік танытып жатпайды. Көлігімен олай-бұлай ойқастап, көше тазалығына әжептәуір зиянын тигізеді. Кей уақыттары адамдарға лайлы суын шашып өте шығады. Ондайда жаяу жүргінші тек артынан айғылап қалғанын басқа ештеңе істей алмайды, дейді қала тұрғыны Күлән Тәжиева.

Айта кету керек, 2022 жылғы әлем қалаларының ластануына қатысты түзілген рейтингте Қазақстан 115 елдің ішінде 33-орынға тұрақтаған. Ластану индексі – 73,4. Бұл ретте индекс неғұрлым жоғары болса, жағдай соғұрлым нашар екенін білдіреді. Ең лас елдер рейтингінің көш басында Камерун, Моңғолия және Мьянма тұр. Ал әлемдегі ең үздік көрсеткіш, яғни тазалығы жағынан бірінші орында Финляндия екен. Бұл елдің ластану индексі - 12,1 ғана. Рейтингке кірген ТМД елдеріне назар аударсақ, Әзербайжандағы ауаның ластану деңгейі Қазақстанға қарағанда жоғары екенін байқаймыз. Ал Молдова, Украина, Ресей, Армения және Беларусь елдерінде жағдай бізбен салыстырғанда біршама жақсы екенін байқауға болады.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев білім үдерісі «Экология» пәнімен толығы тиіс екенін айтқан болатын. Осы уақытқа дейін ҚР Экологиялық Кодексі, Білім және ғылым министрлігі ұсынған арнаулы оқулықтар, зерттеу жұмыстары, диссертациялар жарық көріп, балабақшадан ЖОО-на дейін балама, жаратылыстық пәндер тұрақты жүргізілген. Тал бесіктен құдіретті Жер-Ананың алтын қағидаттарына құндақталып өсек те, экологияны өз деңгейінде сақтап қала алмадық. Көптің назарынан қаға беріс қалып келе жатқан қоршаған ортаға салғырттық танытуымыздың салдары әр тектес проблемаларға душар еткені ақиқат. Бұған дәлел Каспий, Арал теңіздері мен Балқаш көлінің, ядролық сынақтардың құрбаны болған Семей полигонының ахуалы. Әлемдік ақпаратқа арқа сүйесек, көп жылдық тәжірибеге табан тірейміз. 1970 жылы алғаш рет «Экологиялық сауаттандыру» тақырыбындағы конференция АҚШ-та өткен еді. Сол кезеңнен бері батыс елдері «барлығы өзара байланыста» қағидатымен өмір сүріп келеді. Адам әрекеті, технологиялардың дамуы, жаһандану үдерісі дерлік күллі қарым-қатынас табиғатқа тікелей әсер етеді.

Қалың бұлттармен қатарласа мұнартан тауларымен әйгілі Швейцария эко-мектептер, эко-клубтар дайындау ісінде көш бастап тұр. Мұндағы теория мен тәжірибені ұштастырған экология бағытындағы бірнеше мектепті атап өтуге болады. Солардың бірі Leysin American School, Альпы институт мектебі, Жергілікті жерді зерттеу (LETS) бағдарламасы. Шартарапты тамаша көріністерімен ғана емес, тәртібімен де таңқалдырған Швейцариядағы көше небәрі 80-ші жылдардың басында дене тітіркенетін лас жағдайда еді. Жер асты суларының, өзендердің ластануы, шірінділердің көптігі, жердің эрозияға ұшыруы елді экологиялық апаттың құзар биігіне шығарды. Мемлекет шұғыл шешім қабылдауына тура келді. Олар қоқыс қалдықтарымен жүйелі жұмыс істеудің ережесін жасап шығарды. Қалдықтарды түріне, құрамына, тиісіне бөліп, сұрыптайтын арнаулы жәшіктерді орнатты. Экологиялық залал келтірмей, қоқыстарды өртейтін ірі зауыттарды, отыздан аса қайта өңдеу жұмыстарын атқаратын кешендік орталықтарды ашты. Қыруар еңбек желге ұшпауы үшін заң жүзінде қадағалау қатаң тәртіппен іске асты. Осылайша үздіксіз даму, өткеннен тағылым алу арқылы өркениетті елдердің қатарына қадам басты. Әлемдік баға тізіміне (price list) зер салайық: қоғамдық ортада темекі, тағам, қағаз,



ВАШИНГТОН

КАЛИФОРНИЯ МЕН ИЛЛИНОЙС ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖАРИЯЛАДЫ

Калифорния мен Иллинойс штаттарында маймыл шешегі вирусына байланысты төтенше жағдай жарияланды. Төтенше жағдай режимі штаттарға аурумен күресу үшін барлық қолжетімді денсаулық сақтау ресурстарын ұсынады. Губернаторлар әкімшіліктерінің мәліметінше, штаттар вакциналарды шұғыл түрде сатып алуға мүмкіндік алады, ал олардың денсаулық сақтау департаменттеріне вакциналарды тарату бойынша барлық өкілеттік беріледі. Өткен аптада Нью-Йорк штатында маймыл шешегінің өршуіне байланысты төтенше жағдай жарияланғаннан кейін осындай мәлімдеме жасалды. АҚШ Ауруларды бақылау және алдын алу орталықтарының дерегі бойынша, маймыл шешек ауруының саны бойынша Нью-Йорк (1390), Калифорния (827) және Иллинойс (520) штаттары көш бастап тұр.

ИРАН

СУ ТАСҚЫНЫНАН 56 АДАМ КӨЗ ЖҰМДЫ

Ирандағы су тасқынынан қаза тапқандар саны 56 адамға жетті, дейді Иран Қызыл Жарты Ай құтқару және көмек көрсету қызметінің басшысы Мехди Веллиур. Іздеу-құтқару жұмыстары жүріп жатыр. «Өкінішке қарай, біздің 18 азаматымыз жоғалғандар тізімінде. Біздің команда су тасқыны болған жерде іздеу-құтқару жұмыстарын жалғастырып жатыр. Қазіргі уақытта 3700 адамды уақытша баспанамен қамтыдық. Біздің команда 2500 адамды құтқарып, оларды қауіпсіз ауданға көшірді», - деді Веллиур.

АУҒАНСТАН

«ӘЛ-КАИДА» КӨШБАСШЫСЫ ӨЛТІРІЛДІ

АҚШ президенті Джо Байден Ауғанстанда «Әл-Каида» көшбасшысы Айман Завахиридің өлтірілгенін мәлімдеді. «Өділдік орнады. Террористердің көшбасшысы енді жоқ. Біз ешқашан артқа шегінбейміз», - деді Байден. Оның айтуынша, Завахиридің мекенжайы биыл Американың арнайы қызметіне белгілі болған. «Ол Америка азаматтарына, Америка әскери қызметшілеріне, дипломаттары мен Америка мүддесіне зорлық көрсетіп, адамдарды өлтірді», - деді Байден. Оның айтуынша, Hellfire екі зымдыраны ұшықсыз басқарылатын құрылғыдан ұшырылған. Соққы салдарынан Завахирі тұрағын үйде оның туыстары да, бейбіт тұрғындар да зардап шеккен жоқ. Завахирі 2001 жылдың 11 қыркүйегінде АҚШ-тағы шабуылдың ұйымдастырушысы болды. Ол солан бері қалып жүрді. Ол 2011 жылы Пәкістанда Усама бин Ладен өлтірілгеннен кейін «Әл-Каиданың» басқарды.

ӨЗБЕКСТАН

ТҮЙІМ АЛЫНЫП ТАСТАЛДЫ

Өзбекстанда Twitter, WeChat және Vkontakte әлеуметтік желілеріне салынған тыйым алынып тасталды. Өзбекстанның Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің хабарлауынша, 1 тамыздан бастап елдегі Twitter, WeChat және Vkontakte әлеуметтік желілеріне салынған тыйым алынып тасталып, әлеуметтік желілерді келергісіз пайдалану мүмкіндігі толығымен қалпына келтірілді. Қазіргі уақытта TikTok платформасымен келіссөздер жалғасуда. Қысқа бейне таспаларға негізделген көңілшар әлеуметтік желіге қатысты келіссөз бойынша нәтиже қосымша хабарландығына айтылған. Өзбекстан агенттігінің мәлімдемесінде «Блоктау тек дамуға зиян келтіреді», делінген.

ҮНДІСТАН

ӨРТТЕН 9 АДАМ ҚАЗА ТАПТЫ

Үндістанның орталық бөлігіндегі Мадхья-Прадеш штатында жеке ауруханалардың бірінде өрт шығып, салдарынан 9 адам қаза тапты, 8-і ауыр жаракат алды. «Мумбайдан 1094 қашықтықта орналасқан Джабалпур қаласында үш қабатты аурухана ғимаратында өрт шығып, жалын қоршауында қалған 150 адам эвакуацияланды», - деді Джабалпура полициясының бас суперинтенданты Ахилеш Гаур. Оның айтуынша, іздеу жұмыстары аяқталды. Ғимараттың бірінші қабаты толық қираған. Оқиға орнына өрт сөндіру қызметінің тоғыз қызметкері жіберілген. Өрт электр сымдарының қысқа тұйықталуы салдарынан шығуы мүмкін. Қаза тапқандар арасында 4 науқас, 3 аурухана қызметкері, науқасқа күтім көрсететін 1 маман және жеке басы анықталмаған тағы 1 адам. Мадхья-Прадеш штатының бас министрі Шиврадж Сингх Чоухан қаза тапқандар отбасына 6332 АҚШ доллары көлемінде өтемақы төленетінін жариялады.

Ж.ҚАСЫМ

КӘСІПКЕРЛІК МАҚСАТТАҒЫ ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТТАР: КІМДЕР, ҚАЛАЙ АЛА АЛАДЫ?

Қайтарымсыз грант бұл мемлекеттен кәсіп бастаймын деген азаматтарға көрсетілетін үлкен қолдау. Десе де мұны өз пайдасына жаратып, түрлі алаяқтыққа барып, соңында қаржыны мемлекетке қайтарып жатқандары да аз емес екен. Олардың үстінен қылмыстық іс қозғалып, деректері сотқа жолданған. Нәтижесінде 115 азамат қаржыны мемлекетке заң жүзінде қайтарған. Тіпті осы бағдарлама аясында жеңіл жолмен грант иемденгісі келгендер интернет алаяқтарына алданып, қомақты қаржыларынан айырылған.

Зибаш ӘЛИ

Өңірде жыл басынан бері жалпы саны 297 қылмыстық іс тіркелген болса, оның 158 интернет алаяқтыққа жатады. Облыстық полиция департаментінің мәліметінше, алаяқтық деректер былтырғы жылмен салыстырғанда 27 пайызға төмендеген. Бірақ, әлеуметтік желіні пайдаланушылар арасында алаяқтардың жалған сөзіне сеніп, қаржыларынан айырылып қалғандар аз емес екен.

Бүгінде осы қайтарымсыз грантқа құжат тапсыру науқаны басталды. Осы орайда оқырмандардың көкейінде жүрген сауалдарға нақты жауап алу мақсатында қалалық жұмыспен қамту орталығының бөлім басшысы Тұрсын Алтынбекқызымен сұхбаттасудың сәті түсті.

- Тұрсын Алтынбекқызы, сәлеметсіз бе? Қазіргі уақытта қайтарымсыз грантқа құжат қабылдау басталыпты. Қай уақыттарға дейін жалғасады?

- Сәлеметсіз бе! Business.enbek.kz порталында 2022 жылғы 8 тамыздан бастап 19 тамыз аралығы аясында «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға ІІ лекке өтінімдер қабылдау басталды.

- Ұлттық жоба мемлекеттік бағдарламасымен қайтарымсыз қаржыны беру қандай әдіспен реттеледі?

- ҚР Үкіметінің 12.10.2021 жылғы №728 қаулысы бойынша «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» аясында «Кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Еңбек және халықтық әлеуметтік қорғау министрінің 07.02.2022 жылғы №47 бұйрығына сәйкес жана бизнес-идеяларды іске асыруға гранттар беру жүзеге асырылмақ.

- Қайтарымсыз қаржы алуға үміткерлер жобасын қарайтын комиссия құрамына кімдер енеді?

- Кәсіпкерлер палатасы жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттарды алуға үміткерлердің өтініштерін қарау үшін атқарушы билік органдары, қоғамдық бірлестіктер, кәсіпкерлік палатасының мамандары комиссия құрамына

кіреді. Сондай-ақ комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан және комиссия мүшелерінен тұрады.

- Былтырғы жылмен салыстырғанда биылдан бастап қайтарымсыз несиенің қаржысы көбейді. Осы тұрғыдан кеңінен оқырмандарға ақпарат беріп өтсеңіз?

- Биылдан бастап жаңа бизнес идеяларды іске асыруға берілетін қайтарымсыз гранттардың мөлшері 200-ден 400 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайды. Сонымен қатар тек 29 жасқа дейінгі жастар мен әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтар мемлекеттік грантқа қол жеткізе алады. Қазіргі уақытта әлеуметтік желілерде мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз гранттарға байланысты әртүрлі ақпараттар таралуда. Десе де биылғы грант беру процесі электронды түрде өтеді. Яғни, кәсіп бастау үшін қаржы алғысы келетін үміткерлер туралы ақпарат «Business.Enbek» электронды жүйесі арқылы расталады. Әркімнің қолы жете бермейтін қайтарымсыз грант көлемі – 1 млн. 225 200 теңгені құрады.

- Бүгінде өзгерген ережелердің бірі Business.Enbek.kz порталы арқылы өтінімдерді қабылдау. Өтінішті қалай жолдаймыз?

- Порталда тіркелу; Грант алу шарттарына сәйкестігіне тексеруден өту; Бизнес-жоспар үлгісін жүктеп алып, оны толтыру және порталға енгізу; Өтініш нысанын толтыру және ЭЦҚ кілтімен қол қою. Грант алу үшін бірқатар шарттарды сақтау қажет.

- Кәсіп бастауға зор мүмкіндік беретін қайтарымсыз гранттың талап ережелерінде өзгерістер бар ма?

- Бұрын мемлекеттік грантқа барлық азаматтардың қатысуға мүмкіндігі болатын. Ал биылдан бастап әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтарға, атаулы көмек алатын отбасы мүшелеріне, көпбалалы отбасыларға беріледі. Сондай-ақ, қайтарымсыз грантқа үміткерлер «Бастау бизнес» жобасының сертификатын соңғы 3 жыл ішінде алған және кемінде 1 жыл тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркеу туралы мәліметтерді ұсынуы керек. Азаматтарға мемлекеттік

грант тек бір рет қана беріледі.

- Өзіңіз айтып отырғандай «Бастау бизнес» жобасын оқып, сертификатын алған үміткерлер ғана қайтарымсыз грантқа құжат тапсыра алады ма?

- Иә, оқып сертификат алу міндетті. «Бастау Бизнес жобасы шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне оқыту» онлайн курсынан өткен қатысушылар ұлттық жоба шеңберінде бизнес-идеяларды іске асыруға грант алуға үміткер бола алады.

- Жыл басынан бері қанша қала тұрғынына берілді?

- Жаңа бизнес идеяларын іске асыруға арналған мемлекеттік грант 2018 жылдардан бастап беріле бастады. Аталған жылы 50 адам қайтарымсыз несиені кәдесіне жаратса, 2019 жылы – 782 адам, 2020 жылы – 1355 адам, 2021 жылы – 1082 азаматқа берілген. Биылғы жыл басынан бері 9 адам осы гранттың иегері атанып отыр. Олардың ішінде көпбалалы ана, мүмкіндігі шектеулі азаматтар бар.

- Егер де қайтарымсыз грантты мемлекеттен ұтып алғаннан кейін, кәсіпін жандандырмай қаржыны мақсатсыз түрде жұмсаған азаматтар кездесті ме? Оларға белгілі бір заң аясында шара қолданылады ма?

- Әрине заңмен тексеріліп шара көрілуде. Қайтарымсыз несиені ұтып алғаннан кейін комиссия мүшелері барып кәсіпкерді тексеріп, 3 ай сайын есеп алып отырады. Несиені ұтып, қалғанын өзін білесіз деген ұғым жоқ. Өйткені қаржы мақсатты түрде жұмсалуды керек. Тағы да қайталап айтып кетейін бұл бағдарлама арқылы алынған қаржының есебі де сұрауы да бар. Бұл жүйе бойынша бұндай басыздыққа баратын азаматтар кездесуде. Бағдарлама аясында құжат тапсырған әрбір үміткерге қайтарымсыз гранттың шарттары түсіндіріледі. Өткен он екі айдың тексерісінің нәтижесінде 115 азаматтың үстінен іс қозғалып, қаржысы мемлекетке қайтарылған.

- Қазір қара пиғылдылардың дәурені жүріп тұр. Дүптеген мақсаты жолында кез келген айла тәсілдерді пайдаланады. Оны көріп те естіп те жүрміз. Сондықтан қайтарымсыз грантты аламын деген тұрғындарға айтар кеңесіңіз бар ма?

- Қазіргі таңда ғаламтордың көмегімен қара пиғылдарын жүзеге асыратын алаяқтардың қатары көбейді. Бұл жолы да алаяқтар қайтарымсыз грантқа үміткер азаматшаларды да сан соқтырып үлгерген. Сондықтан кез келген сұрақтар бойынша әрбір азамат кеңес беретін жұмыспен қамту орталығына барып мәлімет алғандары жөн.

- Сұхбатыңызға рақмет!



А.ШӘМЕНОВ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҮНДЕУ ЖАРИЯЛАДЫ

Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шәменов барлық кәсіпкерлеріне үндеу жариялады.

«Сіздер күн сайын ажарланып келе жатқан туған қаламызда өз кәсіптеріңізді дөңгелетіп отырсыздар. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып жүрген үлестеріңіз ұшан-теңіз. Десек те ширатылатын шаруа, атқарылуы тиіс жұмыс көп екені байқалады.

Осы ретте, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін ауқымды ұғым ретінде қарастырамыз және Жеке әлеуметтік топтар мен жалпы қоғамның өмір сүру сапасына әсер ететін жанама айқындалған немесе айқындалмаған заңнаманың этика, экология, қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық және т.б. саладағы ережелер мен нормаларын ұстану бағытында өздеріңізге көп жауапкершілік жүктеледі. Соның ішінде кәсіпкерлік нысанның көз сүйсінер келбеті, тазалығы мен қызмет көрсету сапасы тұтынушы көңілінен шығуы үшін асқан жанашырлық, жан-жақтылық қажет.

Қазіргі таңда билік пен бизнес арасында диалог орнады. Кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет тарапынан барынша қолдау жасалуда. Сондықтан осы қалада өмір сүріп, кәсіптен айналысып, табыс тапқаннан кейін өз-өзімізді сыйлап, құрметтеу мәселесі алдыңғы орында тұруы керек! Бұл жауапкершіліктің салмағын әрбір кәсіпкер сезінсе екен деймін. Таза, көркем, көзартарлық нысанның тұтынушы назарынан тыс қалмайтыны белгілі.

Баршаныңызды туған қаламызды, ортақ үйімізді, өз аумақтарыңызды тазға ұстауға, нысандарыңыздың кескін-келбетін заманауи талаптарға сәйкестендіруге, әрлеуге, жарықтандыруға, тұтынушыға қолайлы және жағымды орта қалыптастыруға атсалысуға шақырамын», – деді Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шәменов.

«Ел тілегі» ақпарат

САУДА НЫСАНДАРЫ ТАЛАПҚА САЙ БОЛУЫ КЕРЕК

Жуырда ҚР Бас Прокуратурасының тапсырмасына сәйкес, облыстық прокуратурамен құзырлы органдар тарапынан қаладағы 7 ірі сауда нысанына кешенді тексеру шаралары жүргізілді. Нәтижесінде сауда нысандарында жер, сәулет-құрылыс, өрт қауіпсіздігі, санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринария, салық, көші-қон, еңбек және экология салаларындағы заңнамалардың өрескел бұзылу фактілері анықталды.



Осы және өзге де мәселелерді талқылап, орын алған кемшіліктерді жою мақсатында қалалық әкімдіктің мәжіліс залында шаһар басшысы Асылбек Шәменовтың төрағалығымен келелі кеңес өтті. Атап айтқанда, жекелеген сауда нысандары «Сыбаға», «Асбол» базарлары мен «Мирас», «Жайна», «Айт-Бек» сауда үйлерінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу деректері орын алған.

Мәжіліске қатысқан аталған сауда үйлерінің басшыларын қатаң сынға алған шаһар басшысы Асылбек Шәменов: «Бұл уақытқа дейін адам өміріне неміқұрайлы қарап, осындай кемшіліктерге жол беріп келдіңіздер. Қала халқының ең көп шоғырланатын жерлеріне иелік етесіздер. Бизнес тек ақша табумен шектелмейтін

ескеріңіздер», – деді.

Сондай-ақ, шаһар басшысы арнайы қауіпсіздік талаптарын сақтамаған кәсіпкерлік нысандар, сауда үйлері мен базарларға қатысты нақты жұмыстардың жүргізілмегендігін атап өтіп, қалалық төтенше жағдайлар басқармасының бастығы Жасұлан Қалдыбайұлына ескерту жасалды.

Қала әкімі қалалық санитариялық-эпидемиологиялық басқармасының басшысы Ерлан Амантайұлына да бірқатар тапсырма жүктелді. Қазірде кейбір сауда орындарында санитариялық талаптар сақталмай, тиісті шаралар қолданылмауда. Бұл тұрғыда бақылауды күшейту қажет екендігі міндеттелді.

Мәжілісте қала прокуратурасының орынбасары Бек Тастайбекұлы

жиналысқа қатысып отырған кәсіп иелеріне қандай жағдайларда арнайы құзырлы мемлекеттік органдар базарлар мен сауда үйлерін тексере алатыны жөнінде құқықтық негізде кеңінен түсіндіріп өтті.

Қала аумағындағы барлық кәсіп иелері аталған талаптардан бөлек, нысандарының кескін-келбетіне, жарықтандырылуына, әрленуіне, санитариялық тазалығына жауапты. Сондықтан қажетті шаралар қолға алынып, тұтынушыға қолайлы жағдай жасалуы қажет. Қала әкімі Асылбек Шәменов тиісті салаларды, сауда үйлері мен базар басшыларына сын-ескертпелерден нәтиже шығаруды тапсырып, жіберілген кемшіліктерді түзеуге уақыт берді.



2022 жылы Қызылорда қаласында 50 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізіледі

14 көшеде орташа жол жөндеу жұмыстары аяқталды:

- Жұмбабаев,
- Бәйтерек,
- Тайлақбаев,
- Мүсірепов,
- Момышұлы,
- Майқанова,
- Қызылжар,
- Тоқай
- Гүлдәла,
- Өтегенов,
- Байқоңыр,
- Қызылжар-3,
- Каспий көшелері,
- Баязитов тұйығы

2 көшеде орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде:

- Төле би,
- Бекхожаев көшелері

13 көшеде орташа жол жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды:

- Бекшора,
- Баймаханов,
- Әуелбеков,
- Егізбаев,
- Қонаев,
- Нұрмақов,
- Бекниязов,
- Мұратбаев,
- Мұратбаев,
- Бұхарбай батыр,
- Айдосов көшелері
- Қарауылтөбе а/о кіре беріс жолы,
- Бәйтерек т/а №1 көше,
- Бәйтерек т/а №2 көше

21 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін облыстық бюджеттен қаржы бөлінді:

- Құрманғазы,
- Маханбетов,
- Асфендияров,
- Дулатов,
- О.Исаев,
- Қажымұқан,
- Шаменұлы,
- Ақаев,
- Саяхат-6,
- Саяхат-15,
- Саяхат-17,
- Саяхат-22,
- Саттықұлов,
- Жайық,
- Орал,
- Көктөбе,
- Әбуов,
- Мұратбаев,
- Н.Тілендиев,
- Е.Қосжанов,
- Тасбөгет кентіндегі Сейітпенбетов көшелері

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА 45,7 ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ЖӨНДЕУДЕН ӨТКІЗІЛУДЕ

Биыл Қызылорда қаласында жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында 45,7 шақырымды құрайтын 50 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған.

Айта кететін болсақ, қазіргі таңда 14 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстары толығымен аяқталды.

Оған қоса, 8 көшенің жөндеу жұмыстары бойынша мердігер мекемемен келісім шарт жасалса, 26 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланған.

Ал, 2 көшеде (Ж. Бекхожаев, Төле би) орташа жөндеу жұмыстарын аяқтау үшін құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Мұнан өзге, ұзындығы 4,6 шақырымды құрайтын С.Бейбарыс көшесінен



«Қызылжарма» каналы – Назарбаев даңғылына дейін магистральды көше құрылысы толығымен аяқталып, пайдалануға берілді. Жобаға сәйкес, жол бойы ұзындығы 4,6 шақырымды құрайтын веложолға, автобус

аялдамалары, жарық бағаналары және «Жібек жолы» каналы арқылы автомобиль көпірі, жау жүргіншілер жолы, суағарлармен қамтылған.

«Ел тілегі» ақпарат

ГИПСТЕН БҰЙЫМДАР ЖАСАП ЖАТЫР

Қызылордада қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің алдына қойған басты міндеттерінің бірі – сотталғандарды жұмыспен қамту. Сотталғандарды еңбекпен тәрбиелеу арқылы олардың түзу жолға түсуіне барынша ықпал жасайды.

Бүгінгі таңда 3К-169/5 мекемесінің өндірістік аймағында он екі кәсіпкер кәсібін ашып, сотталғандарды жұмыспен қамтып отыр.

Сотталған азаматтар газоблок, құм блоктарын өндіру, қолөнер, кірпіш өндірісі, ағаш өнімдерінен жұмсақ жиһаз даярлаумен және тегін цехында киім тігумен айналысады.

Мекеме аумағында кәсіпін дөңгелетіп отырған ЖК «Қайсар» цехын аралап, шығаратын өнімдерімен танысты.

Жеке кәсіпкер «Қайсар» -да сотталғандар гипстен кәсіпкерлікпен айналысады. Бұл алаңда әр түрлі көлемде бұйымдар шығарады. Адам өлтіру бабымен 9 жылға сотталған Алмас есімді сотталған гипстен мүсіндерді, ойыншықтарды жасаудың кыр-сырын жақсы меңгерген. Бостандықта суретші болып жұмыс жасаған Алмасқа сурет салу еш қиынға соқпайды.

Гипстен жасалатын ойыншықтарға көп заттың қажеті жоқ. Алдымен әр түрлі ойыншықтың қалыптарын дайындап аламыз. Толықтай және қалып дайын болған соң ең қызықты жұмыс кезі, ол гипсті құйып форма алу. Бұл үшін гипсті сумен араластырып сұйық аламыз да дайындаманың үстіне құйымыз. Осы кезде есте сақтап қалатын бір жайт бар, ол



сумен арласқан гипсті 2-5 минут аралығында пайдаланбаса 10 минут аралығында қоюланып, ал 20-30 минут аралығында толықтай кебеді. Сумен араластырылған соң, гипс тез арада ұстасады және қатайды. Гипстен жасалған бұйымдар толық кепкен соң аппак күйінде қалдырамыз, өйткені сатып алушылар өздері оларды акварельмен және гуашпен қажетінше бояп ала алады. Қазіргі таңда мешіттің суретін гипспен қатыру арқылы жасап жатырмын. Бұл жұмысым да аяқталуға жақын қалды деп мешіт мәкетін көрсетті. Жұмысқа қажеттің барлығын мастеріміз жеткізеді.

арқылы ойлау қабілетіміз дамып, қиялымыз кеңейді. Гипспен жұмыс жасау өнері өте күрделі әрі шыдамдылықты талап ететін әдіс. Сондықтан бұйым өте әдемі және қандай материалдан орындалғандығына қарамай бағаланады», – дейді сотталған Алмас.

Жаза мерзімінің аяқталуына әлі біраз жылы бар Алманың тезірек отбасына оралып, анасымен, туыстарымен қауышуын тіледік.

Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД

ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРГЕ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қала әкімінің орынбасары Руслан Нұрмағанбетов күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан көпқабатты тұрғын үйлерді аралап, тұрғындармен тілдесті.

Аралау барысында Руслан Аймырзаұлы құрылыс монтаж жұмыстарын жүргізіп жатқан мердігер мекемелерге жұмыстардың сапалы орындалуын тапсырды. Қазіргі таңда қала аумағында 8 көпқабатты тұрғын үйге, атап айтқанда, Абай даңғылы

44 және 47 АВБГ, Мүсірепов көшесі 10, Шұғыла м/а 27 және 51, Айтбаев көшесі 43, Есенов көшесі 20 А, Әйтеке би көшесі 40 көпқабатты тұрғын үйлеріне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Күрделі жөндеу жұмыстары «Тұрғын үй коммуналдық дамуының 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы» аясында қолға алынған.

«Ел тілегі» ақпарат

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Жануарларды өсірумен, асыраумен, бағумен, көбейтумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға мал қаятын орындардан басқа орындарда жануарларды жаюға рұқсат етілмейді.

Сондай-ақ, көшелерде, алаңдарда, гүлзарларда, басқа да қоғамдық ортақ пайдаланылатын орындарда жануарларды жаюға қатаң тыйым салынады.



ҚАРАУСЫЗ ЖАЙЫЛЫП ЖҮРГЕН ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ ИЕСІ ӨКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛАДЫ

ҚР ӨҚБтК 408-бабымен (Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ережелерін бұзу)

2022 жылғы қаңтар - шілде аралығында

47 мал иесі

өкімшілік жауапкершілікке тартылған

НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВ: ШИЕЛІ АУДАНЫНДА ҚҰРЫЛЫС ИНДУСТРИЯСЫН ДАМУЫҒА ҚАЖЕТ

Қызылорда облысындағы аудандардың өзекті мәселелері мен әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері талданған арнайы жиында Шиелі ауданының әкімі Нұржан Ахатовтың есебі тыңдалды. Жиынға облыстық, аудандық мәслихат депутаттары, ардагерлер мен қоғамдық кеңес төрағалары, салалық басқарма басшылары қатысты.

Аймақ басшысы ауданның тынысын 4 негізгі бағыт бойынша саралады. Макроэкономикалық көрсеткіштердің қорытындысына сәйкес, Шиелі ауданы 5 орынға тұрақтап, орташа даму динамикасын көрсетті. Облыс әкімі биыл даму динамика едәуір баяулағанын айтып, сынға алды. Себебі аудан өткен жылы үздіктер қатарынан көрінген.

«Бірінші жартыжылдықтың қорытындысымен өңдеу өнеркәсібінің қарқыны 1,2 пайызға төмендеген. Ауданның өңдеу саласында бір ғана цемент зауытының үлесі 70%-ы құрайды. Басқа орта буынды өнеркәсіп орындары жоқтың қасы. Өңдеу өнеркәсібін дамытуға ауданда цемент зауытының әлеуетін пайдалана отырып, жанынан ілесіп кәсіпорындарды ашуға жұмыс жасау қажет. Мысалы, цемент зауыты ай сайын 12 мың дана 1 тонналық қаптар және 400 мың дана 50 кг қағаз қаптарды Ресей мен Қытайдан сатып алуға мүмкіндік зор, құрғақ құрылыс кәсіпкерлері, гипсокартон, тым болмағанда темір бетон бұйымдары өндірістерін өрбітуге болады. Мұнан бөлек, аудан табиғи пайдалы қазбалар қорына бай. Мысалы, ванадий, алтын, мыс, күміс, мырыш, мышық қорлары бар. Осы бағытта инвесторлармен жұмысты жандандыру қажет», – деді Н.Нәлібаев.



Нұржан Ахатовтың айтуынша, өңдеу өнеркәсібі өнімді өндіру 13,1 пайызға, өңдеу өнеркәсібі 7,7 пайызға, ауыл шаруашылығы өнімі 1,5 пайызға, сауда айналымы 3,5 пайызға, құрылыс жұмыстарының көлемі 42,3 пайызға, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 0,5 пайызға артқан.

Аудан өндіріс көлемі бойынша Қызылорда қаласы мен Жаңақорған ауданынан кейін үшінші орынды иеленеді. Облыстағы өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 7%-ы құрайды.

Облыс әкімі инвесторлармен жұмысты әлі де жандандыру қажеттігін баса айтты. Себебі ауданда инвестиция тарту бағытында жұмыстар да баяу жүргізілуде. Биыл 23 млрд. теңге инвестиция тарту межелеген болса, бүгінде тек 7 млрд. теңге инвестиция нақты тартылған.

Жиында аймақ басшысы халықты жұмыспен қамту бойынша атқарылған жұмысқа да сын айтты.

«Шиелі аудан бойынша жоспарланған 3 623 жаңа жұмыс орнының бар болғаны 1134-і ашылса, жоспарланған 1590

тұрақты жұмыс орнының тек 230-ы ашылған. 6 айдың қорытындысымен ресми жұмыссыздық деңгейі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,4 пайызға өскен. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 10 мың халыққа 100 жаңа жұмыс орнының ашылуы қажет», – деді облыс әкімі.

Арнайы жиында шағын және орта бизнесті дамыту мәселесі шет қалмады. Аудандағы кәсіпкерлер санының өсу динамикасы өте баяу. Соңғы 3 жылда тіркелген кәсіпкерлерлік субъектілерінің саны не бары 215 бірлікке ғана өскен. Ал, жұмыс жасап тұрған субъектілерінің саны бар болғаны 264 бірлікке ұлғайған.

«Көршілес жатқан Түркістан облысының Бәйдібек ауданындағы халық саны небәрі 54 мыңды құрайды. Бұл ауданда 4,5 мың кәсіпкер тіркелген. Оның қасында 85 мыңға жуық халқы бар Шиелі ауданында кәсіпкерліктің дамуы осы екі шағын ауданмен шамалас. Салалық ерекшелігіне қарай микробизнестерді бір жерге шоғырландырып, өнімділік пен

табыс кезін арттыру бағытында шараларды атқару қажет. Болашақта олар ірі өндіріс орындарына айналуы тиіс. Біз, 2025 жылға қарай облыста шағын және орта бизнестің ішкі өнімдегі үлесін 25%-ға жеткізуіміз қажет», – деді Н.Нәлібаев.

Азық-түлік қорын көбейту мәселесі де талқыға түсті. Аудан әкімдігі тарапынан бүгінгі күнге дейін азық-түлік бағаларына бірде-бір мемлекеттік бақылау шарасы жүргізілмеген. Облыс әкімі бағаны тұрақтандыру бағытында нақты шаралар қабылдауды жүктелді.

«Қазіргі таңда егіс көлемі жоспардан 1250 гектарға кем. Мен егістікті әртараптандыру мақсатында өзге де дақылдарды егу көлемін ұлғайту қажеттігін айтып келемін. Оған қарамастан, әртараптандыру бағытындағы дақылдар межеден 455 гектарға кем егілген. Осы ретте, басқа аудандарға қарағанда ауданның ерекшелігін пайдаланып көкөніс, бақша дақылдары көлемін арттырып экспорттау мүмкіндігін қарау керек», – деді Н.Нәлібаев.

Арнайы кеңесте білім нысандарын салуда қаржыны тиімді бағыттау қажеттігін қатаң ескертті. Себебі ауданда салынатын 300 орындық мектепке 1,7 млрд. теңге қаржы сұралған. Бірақ өзге ауданда мұндай қаржыдан бірнеше есе аз ақшаға білім нысанын салуға болатынын дәлелдеген.

Сондай-ақ, отырыста жоғары тұрған органдар мен облыс әкімінің тапсырмаларының орындалу барысы, ауданның кадрлық әлеуеті мен қоғамдық-саяси ахуал сөз болып, нақты тапсырмалар берілді.

Жиын соңында облыс әкімі 9 айдың қорытындысымен бұл көрсеткіштер қайта қаралып, жауапты мамандардың жұмысы сарапқа салынатынын еске салды.

«Алдағы күркүйек айынан бастап қала және аудан әкімдері жұмыстарының тиімділігін анықтайтын рейтинг жүргізілетін болады. Рейтинг қорытындысымен жұмыс нәтижесі төмен аудан әкімдері бойынша жыл соңында кадрлық шешім қабылдаймыз», – деді Н.Нәлібаев.



Ауыз су сапасынан кемшіліктер табылды

Қызылорда облысында ауыз судың микробиологиялық және санитарлық-химиялық көрсеткіштері бойынша сәйкессіздіктер анықталды.

Облыста санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің қадағалауында 205 сумен жабдықтау объектісі бар. Оның ішінде 171-і орталықтандырылған, 34-і орталықтандырылмаған сумен жабдықтау объектілері. Өңір тұрғындарының 97,8% орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамтылған. Ал 2,1% орталықтандырылмаған суды пайдаланса, тасымал су ішіп отырғандар үлесі – 0,1%.

«Биылғы жылдың 6 айында орталықтандырылған сумен жабдықтау объектілерінен микробиологиялық көрсеткіштерін тексеруге 424 су сынағасы алынды. Оның 87-і талаптарға сәйкес келген жоқ. Мұндай кемшіліктер Қазалы, Қармақшы, Жаңақорған аудандарынан анықталды. Ал санитарлық-химиялық көрсеткіштері бойынша 55 сәйкессіздік анықталды. Бұл кемшілік Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Шиелі аудандары және Қызылорда қаласында байқалды. Санитариялық-химиялық көрсеткіштерде су құрамындағы сульфаттардың, керметтілігі, құрғақ қалдықтар мен хлоридтердің нормадан жоғары екені анықталды», – деп мәлім етті облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінен.

Ведомство мәліметінше, жол берілген кемшіліктер және ерекше тәртіп тексерулер қорытындысы бойынша 1,3 млн теңге көлемінде 15 айыппұл салынды. Оған қоса 6 санитариялық нұсқама берілді

Оқушылардың 30 проценті індет жұқтырса, мектеп карантинге жабылады

Жаңа оқу жылында мектепшілік жаппай көпшілік шараларға тыйым салынады. Бұл туралы ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі – бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Айжан Есмағамбетова мәлімдеді.

Оқушылар білім ұясына келген бойда олардың дене қызуы термометрмен өлшенеді. Дезинфекциялық тазалау жұмыстары күшейтіледі. Сыныптың ауасы

жиі тазартылып тұрады. Яғни былтырғы карантин талаптары сақталады.

«Естеріңізде болса, былтыр жыл бойы балалар офлайн яғни қашықтан оқыды. Біз осылайша омикрон өршіп тұрған кезеңді еңсердік. Әсіресе қаңтар айында тәулігіне 17 мыңға дейін сырттанушылық дерегі тіркелді. Ал ел бойынша 150 мың науқас ем қабылдаған болатын», – деді ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі – бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Айжан Есмағамбетова.

Айта кетейік, егер оқушылардың 30 проценті індет жұқтырса онда мектеп карантинге жабылады.



ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ШАРА ӨТТІ

Жемқорлықтың және қылмыстың алдын алу жөнінде әскери қызметшілерге арналған шара өтті.

«Тәртіпсіздікке жол бермеу» қағидасын жүзеге асыру мақсатында Қызылорда гарнизонының бастығы подполковник Ербол Әбдірайым, Қызылорда гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің бастығы әділет капитаны Бақтияр Дәуренқұлов және гарнизонның әскери бөлім командирлері мен мекеме басшыларының қатысуымен шара өтті.

Кездесудегі басты мақсат – әскери қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңды қатаң сақтауды, қызметтік этиканы ұстауды, адамдардың сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алу, мемлекеттік қызметке нұқсан келтіретін тәртіптік теріс қылықтарды және әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды болдырмау.



Әскери бөлім командирлері мен мекеме басшылары өз кезегімен сөз алып, әскери қызметшілерге адалдық пен парасаттылықты көрсетуді және сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын

сақтауға шақырды. Сонымен бірге әділет капитаны Бақтияр Дәуренқұлов шараға қатысушыларға қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылғандардың талдауы мен жол-көлік оқиғасының деректері туралы мәліметтерді жеткізді.

ҚЫЗЫЛОРДАДА ҚАЖ АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаменті сала ардагерлеріне құрмет көрсетті. Департамент бастығы әділет подполковнигі Шаймерден Тәжіқұлұлы ардагерлерді ҚАЖ саласындағы мінсіз қызметі үшін «Қазақстан полициясының 30 жылдығы» медалімен марапаттады.

Жоғары кәсібиліктің үлгісін көрсетіп, ҚАЖ саласында ұзақ жылдар еңбек еткен ардагерлер – Тұрсынбай Баймаханов, Күзембай Қожақов, Әділхан Сапаров Жәдігер Тәжіев, Талғат Ахметов, Ғабит Қалыбаев. Департамент бастығы ардагерлерге осы саладағы қызметке адалдықтары мен шыдамдылықтары үшін алғысын білдіріп, отбасыларына амандық, дендеріне саулық тіледі.

«ҚАЖ саласында 30 жылға жуық қызмет жасадым. Еңбек жолымды сол кездегі Қызылорда облыстық ішкі істер басқармасына қарасты № 10 колониясында отряд басшысы

болып бастадым. Әр жылдары осы мекемеде режим бөлімінің басшысы, жедел уәкіл қызметтерін абыроймен атқарып подполковник шенімен зейнеткерлікке шықтым. Департамент басшысы ардагерлерді ұмытпай, Қазақстан полициясының 30 жылдығы медалімен марапаттап жатқаны, әрине қуантады. Бұл біздің кезінде сіңірген еңбегіміздің ұмытылмағандығын білдіреді. Құрметтеп жатқан департамент бастығына алғысымды айтамын», – деді ҚАЖ ардагері Әділхан Сапаров.



(01.08-07.08.2022)

Тоқты (21 наурыз-20 сәуір)



Ай табысты басталады. Сіз ойлағаннан да жақсы жетістіктер болады...

Торпақ (21 сәуір-20 мамыр)



Тамыздың бірінші аптасында-ақ түрлі келіссөздер, шиеленіс жағдайлары мен сынақтар күтіледі...

Егіздер (21 мамыр-21 маусым)



Егіздер үшін тамыз айы қателіктерден сабақ алу кезеңі болмақ. Денсаулық пен қуат жағдайы жоғары деңгейде болады...

Шаян (22 маусым-22 шілде)



Тамыз айының бірінші аптасын отбасын, қарым-қатынасты, жұмысты жоспарлауға және нығайтуға арнағаны дұрыс...

Арыстан (23 шілде-22 тамыз)



Шектен шықпаған дұрыс. Дұрыс пен бұрысты айыра білу керек. іштарлық жақсы қасиет емес...

Биکش (23 тамыз-22 қыркүйек)



Биکشтер арасындағы бойдақтар ғашықтық сезімін басынан өткереді. Достармен байланыс, жағымды тағыулар...

Таразы (23 қыркүйек-22 қазан)



Таразылар тамызды отбасылық ортада қарсы алады. Бастаған істі тоқтатап және жағдайды аяғына дейін жеткізу маңызды...

Сарышаан (23 қазан-21 қараша)



Тамыздың бірінші аптасы жағымды жаңалықтарға толы болады. Көңіл жабырқақ жүрген Сарышаандар кенеттен бақыт бар екенін қайтадан түсіне бастайды...

Мерген (22 қараша-21 желтоқсан)



Жүйке жүйесі шаршаған Мергендерге демалыс қажет. Жақсы кітап оқып, жаңғыз қалып ми тыныштығын орнатқаны жөн...

Тауешкі (22 желтоқсан-19 қаңтар)



Жұмыста серіктестер табу, бірігу және олармен келісу - кейбір ірі жобаларды немесе міндеттерді жүзеге асыру орын алады...

Сүкүйғыш (20 қаңтар-18 ақпан)



Еркіндікті сүйетін Сүкүйғыш белгісіндегілердің өмірінде өзгерістер байқалады. Дегенмен ол еркіндігін айрылып қалудан қорқпайды...

Балықтар (19 ақпан-20 наурыз)



Балықтардың жеке қарым-қатынастары ылғи тұрақсыз. Шешім қабылдау енді күттірмейді. Балықтардың мұндай мінез-құлқы олардың тұрақты әлеуметтік шеңберін тарытып...

Мазушы Аяғұл Мантайдың жазбаларынан

Баяғыда бір режиссердің кино түсірілім алаңына барғам. Киного түсіп жатқан актерлердің әжептәуір танымалдылығы бар...

Жағымпаз адамдардың образын жасады. Отандық арналарда үлдірін төмен сортты сериалын қаптағып, қазактын интеллектісін өлтіру жұмысына айналды...

Билікке барған таныстарым бар. Көрген жерде сәлеміміз тузу. Жарып бара жатқан білімі, потенциалы жоқ. Енді бұл билікке жанып тұрған жастар емес...

Адам құндылығы... Кешіріңіз, біздің қоғамда адам тым құнсызданып кетті. Адамда құн қалмады. Оны атып кетуге, басып кетуге, жаншып кетуге болады...

ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖІТІ БАҚЫЛАУДА

2022 жылдың бірінші жарты жылдығында қызылордалықтарға көрсетілген медициналық қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша 40 мыңнан аса ақау анықталды...



ЕРТЕ СӨНГЕН БІР ЖҰЛДЫЗ

Ол ес білген кезінен бастап қатарластары арасында даралығымен көзге түсетін. Терен ойлы, ой-қиялы ұшқыр, жанарында оты бар, қайтпас қайсар...

Хабарландыру

«Нур Алтын Орда» ЖШС-сі «Нур-Сұлтан қ. Есіл ауданы, Тұран даңғылы мен Ғ.Тоқай көшелерінің қиылысы аумағында орналасқан жаңа...»

Объявление

ТОО «Нур Алтын Орда» сообщает о том что, состоится общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями и дворовым школьником»...

Объявление

ГУ «Отдел строительства города Уральска» сообщает о том что, состоится общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Строительство комплекса многоквартирных жилых домов мкр 12 квартал 2 ПДП Акжайык г. Уральск ЖК»...

Хабарландыру

«Орал қаласының құрылыс басқармасы» ММ-сі хабарлайды, «БҚО, Орал қаласы, Ақжайық ГЖК 2-орам, 12-кышмауауданында көп пәтерлі тұрғын үйлер кешенін салу» 5 үй (Сыртқы инженерлік желілерсіз және аббатандырусыз) жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» жобасы бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды...

Хабарландыру

«ЖЕР Билдинг» ЖШС-сі «Нур-сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е430 көшесі, 2-уч., 26-уч., 22-уч. Мекен-жайында жаңа...»

Хабарландыру

«ЖЕР Билдинг» ЖШС-сі «Нур-сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е430 көшесі, 2-уч., 26-уч., 22-уч. Мекен-жайында жаңа...»

Объявление

ТОО «ЖЕР Билдинг» сообщает о том что, состоится общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями, бизнес-центром и паркингом по адресу: г.Нур-Султан, район Есиль, ул.Е430, уч.2, уч.2б, уч.2/2» (4 очередь строительства)...

Объявление

ТОО «ЖЕР Билдинг» сообщает о том что, состоится общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями, бизнес-центром и паркингом по адресу: г.Нур-Султан, район Есиль, ул.Е430, уч.2, уч.2б, уч.2/2» (3 очередь строительства)...

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы: Әбілбай Садықбаев Данияр Сұлтанбеков Рысбай Кәрімов

Бас редактор Сыдықова Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы Жибаш ӘЛИ 8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіне қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сана менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – г., 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі 46/36 Телефон: 8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді

Таралымы 6000 дана Индекс 66503 Тапсырыс №1278 E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru Электронды нұсқасы: https://ret-gazeta.kz/